

Мәслихаттың 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 354 "Қостанай облысының 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" және 2015 жылғы 14 қазандағы № 440 "Мәслихаттың 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 354 "Қостанай облысының 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 9 қарашадағы № 464 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 қарашада № 5998 болып тіркелді

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106-бабына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 354 «Қостанай облысының 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5237 тіркелген, 2014 жылғы 27 желтоқсанда «Қостанайские новости» газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. 2015 жылға арналған аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне :

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша :

Аудан	Салық	Бойынша
Алтынсарин ауданы	–	94,5 пайыз;
Амангелді ауданы	–	94,3 пайыз;
Әулікөл ауданы	–	100,0 пайыз;
Денисов ауданы	–	91,9 пайыз;
Жангелдин ауданы	–	85,2 пайыз;
Жітіқара ауданы	–	100,0 пайыз;
Қамысты ауданы	–	81,2 пайыз;
Қарабалық ауданы	–	88,0 пайыз;
Қарасу ауданы	–	85,7 пайыз;
Қостанай ауданы	–	100,0 пайыз;
Меңдіқара ауданы	–	100,0 пайыз;
Науырзым ауданы	–	88,7 пайыз;
Сарыкөл ауданы	–	85,7 пайыз;
Таран ауданы	–	100,0 пайыз;
Ұзынкөл ауданы	–	94,8 пайыз;
Федоров ауданы	–	100,0 пайыз;

Арқалық қаласы	–	98,2	пайыз;
Қостанай қаласы	–	100,0	пайыз;
Лисаков қаласы	–	100,0	пайыз;
Рудный қаласы	–	100,0	пайыз;

аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бюджеттеріне төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы мен төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 100,0 пайызын есепке алу жолымен кірістерді бөлу нормативтері белгіленсін.

2. Қостанай облыстық мәслихатының 2015 жылғы 14 қазандағы № 440 «Мәслихаттың 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 354 «Қостанай облысының 2015-2017 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5936 тіркелген, 2015 жылғы 26 қазанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«2. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.».

3. Осы шешім 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Г. Ахметова

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ

«Қостанай облысы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің

б а с ш ы с ы

Е. Спанов

2015 жылғы 9 қараша